

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ДИПЛОМАТ ӘЙЕЛІ БАЛЖАН БӨЛТІРІКОВА

Есжанова Ә.Ә.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультетінің студенті

Искакова К.И.

филос.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдары және бүгінгі күнге дейін сыртқы саяси қатынастар мен дипломатиялық қызмет аспектісінде белгілі бір табыстарға қол жеткізді. Олардың арасында ядролық қарудан бас тарту, Азияда сенім шараларын құру, Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестерді нығайту, өркениеттер мен діндер үнқатысуын көтермелеу және т.б. бар. Қазақстан әртүрлі мәселелермен айналысатын көптеген маңызды халықаралық және аймақтық ұйымдардың қатысушысы болып табылады [1]. Алайда дипломатиялық саладағы гендерлік теңгерім аспектісінде ахуалдың шамалы өсуі ғана бар. Соған қарамастан, бүгінде әйелдердің Мемлекеттің әкімшілік шеңберлерінде өкілділігі барған сайын оң үрдіске ие болуда. Әйелдер елдің ішкі билігінде де, сыртқы саяси құрылымдарда да басшылық етеді, бұл, сөзсіз, мемлекеттің халықаралық аренадағы мәртебесі мен имиджін арттырады. Әрине, Қазақстан дипломатиясына зор үлес қосқан әйел дипломаттар туралы да ұмытуға болмайды. Олардың арасында Балжан Бөлтірікова да бар [2]. Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат әйел Балжан Бөлтірікованың отандық дипломатия тарихында алар орны ерекше екендігі сөзсіз.

Балжан Бөлтірікованың есімі еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін көп аталмай келді. Себебі, тарихтың қай кезеңінде болмасын, елшілердің есімдері негізінен жасырын сақталып келген. Осы орайда, француз философы Жюль Камбонның: «Тарихшылар солдаттарға қарағанда, дипломаттардың есімін әйгілей бермейді, кейбіреулері тіпті ескерусіз қалады», - деген сөздері ойға оралады. Дегенмен, елі үшін еңбек еткен азаматтардың есімінің ардақталғаны абзал. Әсіресе, 2021 жылы Балжан Бөлтірікованың туғанына 100 жыл толған мерейтойлық жылы, осынау Отанымызға қалтықсыз қызмет етіп, биік белестерді бағындырған әйел азаматтың ерекше еңбек жолын еске алып, оның рухына бас иіп, құрмет тұту тарихшылардың міндеті деп санаймыз.

Б.Бөлтірікова 1922 жылдың 22 қарашасында Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Қасық ауылында дүниеге келген. Балжан оқуда озат болған. Жетінші сыныпта оқып жүргенде Мәскеуге жолдама жеңіп алады. Сөйтіп, Бүкілодақтық пионерлер мен мектеп оқушыларының слетіне қатысады. Оның алғашқы ұзақ сапары осы кезден басталған екен.

Орта мектепті алтын медальға бітірген болашақ дипломат тіл мен әдебиет мамандығын тандап, ҚазПИ-ге оқуға түседі. Онда оқып жүргенде өз мамандығына терең бойлаумен қатар, сол кезде Ленинградтан жер аударылып келген Любовь Федулова есімді ұстаздың көмегімен ғылым-білімді, әсіресе орыс тілін жетік меңгеруге күш салады. Сол кезде студенттерге тағайындалатын ең жоғары шәкіртақы-Лениндік стипендияның иегері атанады. Кәдімгі стипендияның мөлшері 30 рубль болса, Лениндік стипендияның көлемі ол уақытта 500 рубль екен. Ол ата-анасына да қаржылай көмек көрсетіп тұрады. Оқумен қатар, қоғамдық жұмыс оның өмірінің бір бөлігіне айналды. Осы жылдары қазіргі Медеу ауданы, бұрынғы Фрунзе аудандық кеңесіне депутат болып сайланады. Соңғы курста оқып жүргенінде мұғалімдік қызметке көптеген жерден шақырту келеді. Алайда оқу бітіргеннен кейін Б.Бөлтірікова Лепсіге жолдама алып, сонда мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. Бірақ бұл қызметте көп бөгелмей, Алматыға қайтып келіп, №12 мектепке - қаладағы жалғыз қазақ мектебінің директоры болып тағайындалды. Ол кезде Балжан небәрі 21 жаста еді, соғыс уақытының өзі ерекше жауапкершілік жүктеді, мектептің жас директорының үлесіне көптеген қиындықтар, соның ішінде мұғалімдердің жетіспеушілігі еді. Уақыт өте келе біртіндеп ұжымды басқару тәжірибесі келе бастады. Соғыс жылдарында әр сабақта оқушыларға майданда және жау тылында соғысқан кеңес жауынгерлерінің,

қазақстандықтардың ерлігі мен батырлығы туралы ақпарат берілді, мектеп ұжымы еліміздің қорғаныс қорына қаражат жинады, панфиловшыларға сыйлықтар, жылы киімдер дайындады. Ал 1949 жылы Қазақ КСР Бастауыш және орта мектеп Кәсіподақ қызметкерлері Орталық комитетінің төрайымы болып сайланады. 1949 жылы оны Қазақ КСР орта және бастауыш мектептері қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитетінің төрағасы болып сайланды. Отыз төрт жасының өзінде Балжан Бөлтірікованы Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру министрі етіп тағайындайды. Ол кезде жас әйелдің үкіметтің басқарушы лауазымына тағайындалуы сирек кездесетін жағдайы еді. Ол 1955 жылдан 1966 жылға дейін республиканың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі жұмысқа он бір жыл өмірін арнады. Соғыстан кейін көптеген отбасылар асыраушысынан айрылды, тірі оралғандар емделуге және оңалтуға мұқтаж болды. Жетім балалар, мүгедектер, қарт адамдар, халықтың басқа да осал топтары мемлекеттің көмегі мен қамқорлығын күтті. Бұл көмек пен қамқорлық Министр мен ол басқаратын министрлік жұмысының басты мәніне айналды.

1966 жылы жемісті қызметінің нәтижесінде әлеуметтік қамсыздандыру министрі ретінде оны Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары етіп тағайындады, оның құзыретіне Әлеуметтік сала мәселелері кірді. Сол жылы Бөлтірікова КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар палатасының депутаты болып сайланды. Ал кеңестік-жапондық достық қоғамы құрыла бастаған кезде самурайлар Қазақстаннан өкіл ретінде Б.Бөлтіркова болуын талап етті. Жапондықтардың көпшілігі Алматыда әскери тұтқындар лагерінен өтіп, құрылыстарда жұмыс істегені, соның ішінде № 12 мектеп салғаны белгілі болды. Олар осы мектептің жас директоры Балжанды жақсы еске алды, ол оларға ауыр тұтқында өмір сүруге шын жүректен көмектесті [3].

Б.Бөлтіркова 1966-1971 жылдар аралығында Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Бұл қызметте жүргенде оған Қазақ КСР-нің Сыртқы істер министрі қызметі қоса жүктеледі. Қанша ауыр болса да қайсар қыз қызметіне ешқашан мойымады. Табандылығы мен сабырлылығының арқасында алдына қойған міндеттерді абыроймен атқарды. Қазақтың қарапайым қызының осы бір қайсар мінезіне қарап, оны әріптестері мен замандастары «байсалды министр» деп атап кеткен екен. Осы қызметтерде жүргенде Кеңес Одағы Жоғары кеңесінің Ұлттар палатасының депутаты болып сайланады. Осылайша, 15 республиканың басын біріктірген алып елдің сыртқы саясатына да араласады. Азия мен Африка елдерімен ынтымақтастық комитетінің мүшесі ретінде басқа елдерге көп сапар шегеді.

Әртүрлі ұйымдардың өкілі бола отырып, мысалы, Азия және Африка елдерінің халықтарымен ынтымақтастық комитеті, кеңес әйелдері комитеті жұмыстарына белсене қатысып, сыртқы саясат саласында биік белестерге қол жеткізді. Қазақ КСР Сыртқы істер министрі бола отырып, ол БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларына үнемі қатысып отырды. Сонымен қатар, Б. Бөлтіркованың АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер өзінің естеліктерінде атап өтуі де айтарлықтай жағдай болып табылады. Ол БҰҰ-да американдық саясатты жүргізу өте қиын болды деп жазды, өйткені кеңестік дипломаттардың - әйел дипломаттардың қарсылығына байланысты озып кету мүмкін болмады-олардың арасында ол дипломат Бөлтіркованы атап өтті [4].

Балжан Бөлтіркова Сыртқы істер министрі лауазымына қазақ әйелдерінің ішінен бірінші болып тағайындалған тұлға. Ол - БҰҰ Бас ассамблеясының 23, 25 сессияларына Кеңес одағы делегациясының құрамында болып, мінберде сөз сөйлеген тұңғыш қазақ қызы. Оның сонда сөйлеген сөзін кейін БҰҰ өкілдігі қызметкерлері архивтен тапты.

Көп жылдар Қазақстанның Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Ерлан Ыдырысов Балжан апайымызды «Қазақ дипломатиясының ханшайымы» деп атап, Қазақстан дипломатиялық мектебінің негізін қалаған Нәзір Төреқұлов, Төлеген Тәжібаев, Әди Шәріпов, Мәлік Фазылов, Қайырғали Байғалиев, Асқар Зәкәрин, Мүсілім Базарбаев, Михаил Есенәлиев сияқты көрнекті мемлекет қайраткерлерінің қатарына қояды.

1971-1980 жылдары Қазақ КСР ағарту министрі, кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1971 ж. Еңбек Қызыл

Ту орденімен т.б. медальдармен марапатталған. 1971 жылы өзінің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, Б. Бөлтірікова Қазақ КСР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды және ол жерде 1974 жылға дейін жұмыс істеді. Сол жылы ол мемлекеттік кәсіптік білім комитеті төрағасының орынбасары болды.

1980 жылы қызметте болған кезінде және зейнетке шыққанға дейін ол Қазақстандағы орта білімді жақсарту, бастауыш мектептерді күндізгі оқу нысаны бар мекемелерге айналдыру, сондай-ақ кәсіптік-техникалық оқу орындарын дамыту үшін күш-жігерін жұмсады.

Қорытындылай келе, Балжан Бөлтірікова – көрнекті мемлекет қайраткері, Ол әр уақытта халықаралық форматтағы түрлі дипломатиялық алаңдарға қатысып, Жапония, АҚШ, Корея, Швейцария, Чехословакия, Сирия, Египет, Цейлон (Шри-Ланка) сияқты тағы да басқа елдерге барып, Қазақстанды барлық жерде лайықты көрсете білді. Көп жылғы еңбегі үшін үш орденмен, жеті медальмен, оның ішінде «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, республиканың және одақтас қоғамдық ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Балжан Бөлтірікованың есімі мен өмірбаяны Кембридже, Қазақ энциклопедиясында басылып шығарылатын «Әйелдер арасында кім бар?» халықаралық анықтамалығында жарияланған, оған одақтық және республикалық басылымдарда оннан астам мақалалар арналған. Тек Қазақстанды ғана емес, әлемді мойындатқан дипломат әйелдің тарихын терең зерттеу үлкен тәлім мен маңызды деректер жинақтауға мүмкіндік береді, сондықтан да аталған тұлғаны зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Еліміздегі алғашқы заңгерлердің бірі Ескендір Қожабаевпен жарты ғасырдан астам отасқан. Бүгінде Балжан Бөлтіріқызының ізін жалғап отырған ұрпақтары бар. Осы орайдасаналы ғұмырын қазақ балаларының сауатын ашуға арнап, халықтың рухани дамуына да зор үлесін қосқан ағартушы – ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірбаянын, рухани болмысын, ғылыми мұрасын зерделеп, одан әрі зерттеу әрбірімізге міндет. әрі өзекті болып табылады деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Медеубаева Ж. Қазақстан Республикасының сыртқы саяси Доктринасының қалыптасу тарихы (1991-2010 жылдар). Монография.–А.: ЕҰУ им. Л.Н. Гумилев, 2012.–288 б.
2. Әшімбаев Д. Қазақстан дипломатиясы: кадрлары.- Континент Т, N 3, 2004. – 4 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
4. Аубакиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера. - Алматы: Экспресс К, 2011, N 49.- 2 б.

ФАРАБИТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АСҚАРАЛЫ 30 ЖЫЛ

Иманғалиев А.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

Дүкенбаева З.О.

т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Егемендік алғаннан кейін Отанымыздың жан-жақты ғылым салалары дамып, қазіргі кезеңде шынайы биіктігіне көтерілді. Соның ішінде тарих ғылымының дамуы шырқау биіктігінде тұр. Сондай-ақ, тарихтың әлі ашылмаған тұстары және ақтандақ беттері зерттелініп зерделенуде.

«Тарихты тұлғалар жасайды» атты қағидаға сүйене отыра Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «ешкім де өлгенде тірілуге құдіретсіз, дегенмен оларды мәңгі есте қалдыру біздің қасиетті борышымыз», - десе [1, 59 б.], Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді [2, 1 б.]. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс». Осылайша, біз, яғни, өскелең ұрпақ Отан тарихымыздағы тарихи